



## PREZIDENT

# СЕРІКТЕСТІКТІҢ СЕНІМДІ ҮЛГІСІ

Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путинмен кездесті.



Ресми кездесу рәсімінен кейін мемлекеттер басшылары шағын және кенейтілген құрамда келіссөздер жүргізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Президенті лауазымына кірсінуіне байланысты құттықтағаны және жылы лебіз білдіргені үшін Владимир Путинге ризашылық білдіріп, өзінің алғашқы шетелдік сапарының Ресей Федерациясына жалғастыруға ниетті екенін атап өтті.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Ресейдің қазіргі ықпалдастығы көпшілік үшін қарым-қатынас жасаудың жарқын үлгісі болып саналатынын айтты.

Мемлекет басшысы ретінде мен Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев саясатының сабақтастығын қамтамасыз етуге, Қазақстан мен Ресей арасындағы екіжақты ынтымақтастықты жан-жақты әрі белсенді дамыту ісін жалғастыруға ниетті екенін білдіремін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті екі елдің экономикалық ынтымақтастығына, әсіресе энергетика, көлік, транзит, өнеркәсіп және ғарыш салалары мәселелеріне арнайы тоқталды.

Ресей Қазақстанның сыртқы саудасындағы «нөмірі бірінші» әріптесі болып қала береді. Қазақстанның сауда айналымындағы оның меншікті салмағы 19 пайыз. Инвестициялық

ынтымақтастық дәйекті дамуға. Елімізде Ресей капиталы қатысатын 9 мыңнан астам кәсіпорын өз жұмыстарын табысты атқаруда, – деді Мемлекет басшысы.

Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин Қасым-Жомарт Тоқаевтың Мемлекет басшысы ретінде Ресейге алғашқы сапарының символдық мәнін атап өтіп, екі ел арасындағы байланыстардың жоғары деңгейде екенін айтты.

Біздің қарым-қатынасымыздың деңгейін білесіз және өзіндік де бұған көп еңбек сіңірдіңіз, әрине Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың үлесі зор. Біздің жай әріптес қана емес, халықаралық ұйымдар аясында да, екіжақты байланыстар бойынша да жақын одақтас екеніміз сөзсіз.

Біздің қарым-қатынасымыз өте тиімді дамуға. Нақты әрі айқын нәтижелерге қол жеткізіп келеміз. Бұл халықтарымыздың тыныс-тіршілігінен көрініс тауып отыр. Сіздің бүгінгі сапарыңыз кен ауқымындағы екіжақты одақтастық байланыстарымызды нығайтуға септігін тигізетініне сенімдімін, – деді Владимир Путин.

Кездесу барысында мемлекеттер басшылары мәдени-гуманитарлық саладағы мемлекетаралық өзара ықпалдастық мәселелерін талқылады, сондай-ақ өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті тақырыптар бойынша пікір алмасты.

# «Барымыз да, бағымыз да – Тәуелсіздік»

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев республикалық «Egemen Qazaqstan» және «Aiqun» газеттеріне сұхбат берді.

Дархан Қыдырәлі: Күрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, Сіздің Президент лауазымындағы алғашқы сапарыңыз киелі Түркістаннан басталды. Біз де сұхбатымызды осы игілікті сапар жайынан бастағымыз келіп отыр...

– Иә, мен үшін бұл елеулі, маңызды сапар болды.

Түркістан – тек қазақ халқының ғана емес, күллі түркі жұртының қасиетті мекені. Түркістан – сан ғасырлық адамзат шежіресінің куәгері және өркеніет жауһары.

Қарап отырсаңыз, халқымыздың арғы-бергі тарихында ел бастаған, қол бастаған тұлғаларымыз да аса жауапты сәттерде, күрделі саяси шешімдер қабылдайтын уақыттарда Түркістанға тағзым ете барған. Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев та осы киелі топыраққа жиі ат басын бұратынын білесіздер.

Меніңше, мұның бірінші себебі – халқымыз үшін аса қастерлі саналатын мекенге тәу ету және ата-баба аруағына, аманатына деген құрмет болса, екінші себебі – Ұлы дала еліндегі кешегі, бүгінгі мемлекетшілдік дәстүрге, эволюциялық даму сабақтастығына деген адалдықта жатыр. Мұндай сакральді ұғым-түсінік пен дәстүрге адалдық тек өркеніетті, өсіп-жетілген ұлттың ғана қолынан келеді деп ойлаймын.

Соның біздің заманымыздағы жарқын бір көрінісі – Елбасымыздың Түркістан облысын құрғаны. Өңірге киелі мекеннің атын бере отырып, Тұңғыш Президент тарихи әділеттілікті қалпына келтірді, мемлекеттің іргесін мығымдап, жалпыұлттық сәйкестік пен берекелі бірлігімізді еселеп нығайтты.

Ендігі жерде мемлекет Жібек жолы бойында жатқан Түркістан қаласын, өңірін жанартып-жанғыртуды уақыт оздырмай қолға алуы керек. Өңірдегі инфрақұрылымды дамыту, туристік саланы жандандыру, өндірісті өркендету – осының бәрі халқымыздың әл-ауқатының барынша жақсаруына негіз болады.

Оның үстіне, онтүстік өңір – еліміздегі тұрғындар саны ең көп аймақ. Осы өңірді ұлттымыздың «демографиялық алтын дінгегі» десек те жарасады. Ал адам капиталы біз сияқты жері кең, елі шағын мемлекет үшін аса өзекті фактор екені айтпаса да түсінікті.

Сапар барысында мен облыстың даму жоспарымен, жалпы



жағдайымен мұқият таныстым. Алда атқарылатын шаруалар басталған асады. Ол шаруалардың барлығын асықпай-аптықпай, жүйелі, кешенді түрде атқаруымыз өте маңызды.

Дархан Қыдырәлі: Рұқсат болса, алғашқы сұрақты жалғастыра кетсем. Сіз осы сапарыңызда қасиетті орындарға тағзым етіп, жұртшылыққа өзіңіздің ең басты ұстанымдарыңызды да жеткіздіңіз. Сол ұстанымдарды тарқатып айтып берсеңіз.

– Менің Түркістан облысына сапарым халқымыздың ұлық мейрамы Наурызбен тұспа-тұс келді. Ұлыстың ұлы күні қарсаңында әлем жұртшылығы Қазақстандағы аса жауапты, тарихи оқиғаның куәсі болды.

Қазақ мемлекетіміздің негізін қалаушы ұлы тұлға, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өз еркімен Мемлекет басшысы өкілеттігін тоқтатты.

Бұл тағдырлы шешім жаһандық деңгейде, тарихи ауқымда танылған саяси қайраткердің кемелгерлігі мен парасаттылығын әлемге тағы да танытты, мойындатты.

Елбасы іс жүзінде тәуелсіз елдегі саяси басқару мен сабақтастықтың мүлде жаңа, озық

үлгісін жасап берді.

Менің Президент ретіндегі негізгі ұстанымым мен өмірлік көзқарасым осы бағыттан ауытқымайды. Жоғарыда айтып өткенімдей, елдің өркендеуі кепілдігі мемлекетшілдік пен дәстүр сабақтастығында және оған деген құрмет пен адалдықта жатыр. Онсыз ешқашан тұрақтылық та, даму да болмайды.

Екінші ұстанымым – әділеттілік. Бұл жалпыадамзаттық әрі дала демократиясынан бастау алатын, ата-бабамыздан дарыған, ежелден қанымызға сіңген құндылық болатын. Оны жоғалтып алу адамзат үшін де, ұлт үшін де өзін-өзі жоғалтып алумен бірдей.

Әділеттілік салтанат құрған қоғамда тек қайшылық, қиыншылық, құлдырау үстемдік ететін белгілі. Сондықтан әділетсіздікпен мемлекет, қоғам, әр адам күн сайын, бірігіп күресуіміз керек. Халқымыз айтқандай, «Әділет жолы – ауыр жол», бірақ ауыр болса да одан тура жол жоқ.

Үшінші ұстанымым – тек алға басу, даму жолымен жүру. Өздеріңіз білесіздер, біз өмір сүріп отырған дәуірдің табиғаты мың құбылмалы. Жаһандық бәсекелестік жағдайында өз мүддемізді қорғауға, өз мақсатымызға жетуге ұмтыл-

масақ, жедел алға баспасақ, көп нәрседен ұтылармыз анық.

Мына дәуір еркелікті, жалқаулық пен масылдықты, немқұрайлылықты көтермейді. Төртінші, өнеркәсіптік революция кезеңінде, жоғары технологиялық, цифрлы кеңістікте жаһандық дамумен он жыл артта қалсақ, жүз жыл оның орнын толтыра алмайтынымызды естен шығармайық.

Елбасының дана шешімінің арқасында билік сабақтастығы ешбір дүрбеленіс, шиеленіссіз жүзеге асты. Бұл болашақ үшін, мемлекеттің тұрақтылығы мен ұдайы дамуы үшін жасалған бірегей қадам екенін ұмытпауымыз керек. Біздің ендігі ниетіміз – осы жолдан, осы бағыттан ауытқымай, тек алға басу, өсу, өркендеу. Кері кетсек, тарих та, болашақ ұрпақ та бізді кешірмейді.

Нұртөре Жүсіп: Халықаралық сарапшылар билік тізгінінің бейбіт жағдайда берілуін Орталық Азия тарихында бұрын-соңғы болмаған ғаламат тарихи оқиға деп жазып жатыр. Кейбір сарапшылар келешекте екіұдайлық орын ала ма деп қауіптенетін секілді. Бұл жөнінде не айтасыз?

2-бет.

## SAPAR

# ЖАСТАР ЖЫЛЫ – ЖАҢАШЫЛДЫҚ БАСТАУЫ

Кеше Шиеліде бірқатар нысан ел игілігіне пайдалануға берілді. Жаңа нысандардың ашылу рәсіміне облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қатысты.

Назерке САНИЯЗОВА.

Құны 31 млн теңге болатын Рәміздер алаңының құрылысын «Ремалстрой Сервис» серіктестігі былтыр күзде бастаған болатын. Алаң мемлекеттік Ту, Елтаңба, сондай-ақ Гимннің мәтінімен айыпталған. Айта кетейік, Ту тұғырының биіктігі – 23 метр. Азаматтардың туған жерге және оның рәміздерін деген құрметті арттыру, патриоттық

рухын ояту мақсатында салынған алаңның ашылуымен жұртшылықты аймақ басшысы құттықтады.

– Қазақ елінің тәуелсіздік алып, әлем елдерімен терезе теңестіріп, шекарасын шегендеп, бірлігін бекемдеп, мемлекеттік рәміздерін бекіткеніне биыл 28 жыл толады. Бұл – аз уақыт болғанымен, әлем картасында Қазақстан деген дербес

мемлекеттің бар екенінің бірегей белгісі. Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың: «Тәуелсіздік – Алтын күмбез дейтін болсақ, сол күмбезді тіреп тұрған төрт белгі рәмізіміз бар. Оның біріншісі – Елтаңба, екіншісі – Әнұран, үшіншісі – Көк Байрақ, төртіншісі – Қазақ тілі» деген дана сөзі бар. Рәміздер халықтың рухы мен айбатын білдіріп қана қоймай, сол мемлекеттің әлемдік өркеніет көшіндегі орны мен деңгейін де белгілейді, – деді облыс әкімі.

3-бет.



## BORYSH

Сәрсенбіде сырбойлық 18 жас ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің 2021 әскери бөліміне азаматтық борышын өтеуге аттанды. Оларды салтанатты түрде шығарып салу рәсіміне қатысқан облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қорғаныс істері департаментіне қарасты жиып пункт ғимаратын аралап көріп, жұмыс барысымен танысты. Мұнан соң жас сарбаздарға ақ жол тіледі.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

# ӘСКЕРГЕ ШЫҒАРЫП САЛДЫ

– Тәуелсіз елдің көк байрағын көтергені Елбасымыздың сарабал саясатының арқасында өркеніетті мемлекет құрдық. Қазір 50 өркеніетті елдің қатарындамыз. Болашақта 30 өркеніетті елдің қатарына еніп, қазақ халқының асыл арманы мен үкілі үмітін жүзеге асыру жолындамыз. Сол жолда әрбір азаматтың парызы бар. Ол – Отан қорғау. Өңірімізден жыл сайын жүздеген жас тұлғалық әскери қызметке шығарып саламыз. Әскери бөлімшелердің жағдайы мемлекет назарында. ТМД елдерінің ішінде біздің еліміздің әскери бөлімшелерінің материалдық жағдайы жақсы екенін атап айтқым келеді, – деген аймақ басшысы әскери борышын өтеуге аттанғалы тұрған жастарға естелік

сый ретінде жазушы Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» кітабын табыстады.

Жиында «Қарулы күштердің ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігі облыстық филиалының төрағасы Мыңділда Ршауов жастарға ақ жол тілеп, жауынгерлік жауапкершіліктің жоғары екенін атап айтты.

Әскерге аттанып бара жатқан жастың бірі – Бақдаулет Балықбай. Жақында ол 19-ға толады екен. И.Әбдікәрімов атындағы политехникалық колледжін тәмамдаған бойда әскери борышын өтеуге асығыпты. «Әскерге бару – азаматтық борышым деп білемін. Отанға адал қызмет ету мен үшін үлкен абырой әрі мақтаныш» дейді ол.



# «Барымыз да, бағымыз да – Тәуелсіздік»

– Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап жаңа мемлекеттілік жасаудың барлық тауқыметін басынан өткерді. Қиындыққа толы осы жолда талай табыстарға қол жеткізді. Қазақ елін төрткүл дүниеге әйгілеп, барша әлемге мойындата білді. Тәуелсіз еліміздің бүгінгі өсіп-өркендеуі, ертеңгі даму келешегі Назарбаев есімімен тығыз байланысты.

Түрлі сәуегейлік жасаушылар бұрын да болған, қазір де, кейін де бола береді. Ең бастысы, біз биліктің ауысуын тұрақты жағдайда өткізе білдік. Тағы да қайталап айтамын, бұл ең алдымен, Елбасының парасаттылығы мен көрсендігін және халқымыздың даналығын көрсетеді. Біз әлемге өркеніетті ел екендігімізді, жұртымыздың саяси мәдениетінің жоғары екендігін дәлелдедік. Кейбір мемлекеттердегідей алаңа шығып, шу көтерген жоқпыз. Бәрі заң шеңберінде өтті. Және мен де осы бағыттан ешқашан таймаймын және ешқандай «екіүдайлыққа» жол бермеймін.

**Дархан Қыдырәлі: Сіз күні кеше облыс әкімдерімен өткен кеңесте әкімдерге халыққа жақын болуды, жұртты мазалаған мәселеге жедел жауап қайыруды тапсырдыңыз. Жалпы, елді бір ғимаратқа жинап, алдын ала сұрақтар дайындағын, есеп беру деген форматы да өзгеретін уақыт келген жоқ па?**

– Әкімдердің есеп беру форматының ескіргені, баяндамаларының жадағай шифрларға құрылатыны, шын мәнінде халықты жалқытырды және жұртшылықтың сеніміне селкеу түсіреді деп ойлаймын.

Байқасаңыздар, біздің кейбір шенеуніктерімізге жетпей жататыны – қарапайымдылық, адами қарым-қатынастар. «Әкім бол – халыққа жақын бол» деп халық бекер айтпайды. Оларға осы сөз бойтұмар болуы тиіс.

Ал біздің шенеуніктер халықпен кабинетінің немесе қызметтік көлігінің терезесінен ғана араласқанды қош көретіндей.

Әкімдерді жинаған кеңесте мен бұл әдетті тыюды қатаң ескерттім. Халықтың сұранысына жедел үн қатып, мәселені шұғыл шешуге ұмтылыс жасау маңызды. Бұл үшін әлеуметтік желілерде белсенді жұмыс істеу, жүргізіліп отырған саясатты жеріне жеткізе түсіндіру де өте қажет нәрсе.

Халыққа ашық қызмет көрсетуге қажетті барлық коммуникациялық құралдарды пайдалана білген жөн. Сонымен бірге кері байланыс орнатудың пайдасы зор. Оқинше қарай, халықпен төте байланыс барлық жерде бірдей емес, байланыс орталықтары еліміздегі 17 әкімдіктің тек төртеуінде, ал мобильді халықты бақылау 7 өңірде ғана бар. Мұндай жағдайда атқарушы билік елдің мұң-мұқтажына дер кезінде жауап қала алмайды. Осы уақытта дейінгі онтайлы реформалардың бәрі жергілікті жерлерге келіп тіреледі. Егер халықпен қоян-қолтық жұмыс атқаратын болса, әкімдер көптеген өзекті мәселелерді тиісті деңгейде тез шеше алады. Бұл азаматтардың билік институтына деген сенімін арттырады. Өңір әкімдері халықпен есептік кездесулерде ғана емес, тұрақты негізде кездесіп, барлық елді мекенді аралауға тиіс.

Өрбір шенеунік жүргізіліп жатқан реформалардың жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік саясаттың мән-мақсатын халыққа мақұлдау әрі ұғындыру жеткізе білуі тиіс. Шенеуніктердің бір осалдығы – халықпен қалай сөйлесу қажеттігін білмеуі.

Сондықтан мен Мемлекеттік басқару академиясының базасында арнаулы құрстар ашып, оларға халықпен белсенді қарым-қатынас жасайтын шенеуніктерді жіберу керек деп ұйғардым. Әкімдерге халықпен қарым-қатынастың жаңа форматына көшуі, ашық және шұғыл әрекет етуді тапсырдым. Бұл аудандардан бастап облысқа дейінгі барлық деңгейдегі әкімдерге қатысты. Олардың халықпен тікелей қарым-қатынаста болуы, жағдайды толыққанды біліуі, мәселені жедел шешуі – басты міндет.

**Нұрғәлі Жүсіп: Сіз өз қызметіңізде Елбасының стратегиялық бағыт-бағдарын жалғастырудың маңызды екенін қадап айтып, осы тұрғыда жемқорлықты қорғау, әділеттілік туралы жиі айтып жүресіз. Бұл – күрес үшін аса қажет құралды қарастырады. Әсіресе, бүгінгі таңда. Ал осы құралды қорғау енді мемлекеттік саясат қалай көрініп таппақ?**

– Қоғамдық құндылықтар – сан ғасырлар бойы халықтың санасында пісіп-жетілетін ізгілік категориялары, моральдық іргетас. Ізгі құндылықтар – қоғамның иммунитеті.

Алайда, әр заманның, әр қоғамның өне бойына батпаңдан кіріп, мысқалдан шығатын дерттер болады. Жемқорлық – сол қоғамдық санаға сына қағатын қасірет. Бүгінде жемқорлық қоғамдық өмірдің көптеген тұстарын жайлағаны жасырын емес.

Иә, Үкімет өз тарапынан заң аясында күресіп жатыр. Бұл азық етеді. Егер әлемдік тәжірибеге сүйенсек, жемқорлықты жеңу үшін тек қана қатаң заң ғана емес, жан-жақты кешенді іс-әрекеттер қажет. Жемқорлықпен күрес ымырасыз жүруі тиіс және бұл тек Үкіметтің ғана емес, әрбір азаманның міндетіне, керек десеніз, парызына айналды.

Жақында Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасына осы бағытта нақты тапсырмалар бердім.

Ұлы гуманист Махатама Гандидің «Әлемді өзгертің келесі, алдымен өзін өзгер» деген әйгіл нақылы бар ғой. Ең бастысы, қоғамдық пікірге, әр адамның санасына осы кеселге үзділ-кесілді қарсы тұрағындай күш пен сенімді сіңірсек, түпкілікті өзгеріс жасамасақ, барлық әрекетіміз нәтижесіз күреске айналуы мүмкін.

Жалпы, әділеттілік – қоғамды өркендетке жетелейтін, оның бет-бейнесін айқындайтын басты құндылық. Ол жоғалған сәтте азаматтар арасында наразылық туындайды.

Бұл құндылық алдымен мемлекеттік саясат көрініс табуы керек деп санаймын. Нақтырақ айтсақ, заң алдында барлық азамат тең құқылы болуы тиіс. Қылмыс жасаған азаматтар лауазымына қарамай заң шеңберінде жазалануы шарт. Әсіресе, жастардың лайықты білім алуына, алаңсыз жұмыс жасауына теңдей мүмкіндік берілуі қажет. Ауыл мен қаладағы жас азамат үшін де, лауазымы, аумақты немесе қарапайым шаруа отбасының баласы үшін де әлеуметтік лифтің есігі келерсіз ашық болуы керек. Айналып келгенде, әлеуметтік теңдік дегеніміз – осы. Біз осыған қол жеткізуге тиіспіз.

Мемлекеттік қызметке тағайындау барысында меритократия принципін ұстанған жөн. Азаматтарды тек біліміне, қабілетіне қарай тағайындау талабы қазғ бетінде қалмай, іс жүзінде орындалуы қажет.



**Дархан Қыдырәлі: Nur Otan партиясының XVIII съезінде айтылған «Әлеуметтік қамқорлық» жобасын жалғастыру үшін Сіз бірқатар бастаманы белгілеген уақытынан бұрын орындауға тапсырма бердіңіз. Осы орайда, бюджет шығыстарын қайта қарап, максатсыз қаржы жұмсауды доғару керектігін айттыңыз. Жалпы, бюджет санатындағы Қазақстанның басымдықтары қандай болмақ?**

– Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы бастамашы болған әлеуметтік бастамалар жалғаса береді. Оны жүзеге асыруға қажетті қаржы қарастырылды, тиісті шаралар легі айқындалды. Осыған дейін айтқаныма, мен бірқатар бастамаларды мейлденген мерзімнен ертерек қолға алуға тапсырма бердім.

Бюджет саясатында алдымызға қойылған нақты мақсаттар, жоспарлар бар. Мәселен, мұнай крістеріне тәуелділікті азайтуға, ұлттық қордың активтерін тұрақтандыруға және оны сақтау ісіне басымдық беріледі. Бұл орайда тиісті лауазымды тұлғаларға нақты тапсырмалар жүктелдім.

Бюджет қаржысы экономикалық жағынан маңызды әрі табыс әкелетін салаларға жұмсалуды керек. Барлық шешімдер алдын ала жан-жақты зерттеліп, экономикалық прагматизм тұрғысында қабылданғаны жөн. Бұл қаражаттың тиімді жұмсалынуына әсер етеді. Бюджет тапшы кезеңде қыруар қаржының игерілеуі қалуына жол берілмеуі керек.

Өздеріңіз білесіздер, еліміздегі бірқатар даму бағдарламаларының табысты жүзеге асуына Ұлттық қор ерекше ықпал етті. Бюджетке келіп-дендірілген және максатты трансферттерге Ұлттық қордан өте көп қаржы жұмсалды. Ендігі кезекте трансферттер көлемін бірінден азайтқан жөн. Қор қаражатын инвестициялау құрылымдық жақсарту саясатын сағуына жүргізілуі керек. Ұлттық қордың игілігін көру – болашақ ұрпақтың еншісіне.

**Дархан Қыдырәлі: Әлеуметтік блокқа республикалық бюджеттің 45 пайыз үлесі жұмсалды. Бұл қаражат салыстырмалы түрде аз емес. Әлеуметтік саясатты жетілдіруге және онтайландыруға қатысты көзқарасыңызды білсек деп едік. Жалпы, азаматтардың әлауқатын арттыруға қатысты не айтасыз?**

– Халықтың әлеуметтік жағдайын, тұрмыс сапасын жақсарту ешқашан күн тәртібінен түспейді. Біз, тіпті, экономикалық жағдай қазіргіден әлдеқайда қиын кезеңде де еліміздегі әлеуметтік ахуалға ерекше көңіл бөлдтік қой.

Мысалы, қобалалы аналардың жағдайы жалпы әлеуметтік саланың барометрі болып табылады. Дені сау анадан дені сау ұрпақ туады. Сапалы медициналық көмек, лайықты білім алған баладан отанымыз, мықты азамат шығады. Яғни, адам капиталды дамыту аналардың әлеуметтік жағдайын жақсартумен тікелей байланысты. Аналардың отбасының ғана емес, қоғамның да ұйытқысы екенін ұмытпауымыз керек.

Алдағы уақытта әлеуметтік салаға 2 триллион теңгеден астам қаржы жұмсалатынын білесіздер. Азаматтың қобалалы отбасыларды баспамен қамтамасыз ету үшін («Нұрлы жер» бағдарламасы аясында 40 мыңнан астам жалдамалы пәтер салынады. Өңірлерге жасаған сапарымда мен облыстардағы баспа құрылысының жүргізілуі барысын жіті қадағалайтын боламын. Еңбекқанды өсіру, денсаулық сақтау саласын ілгерілету, демографияны дамыту, өңірлердегі инфрақұрылымдарды жақсарту сияқты жұмыстардың бәрі жоспарлы түрде іске асырыла береді. Бұл – бұлжымайтын жоспар.

Қоғамдық пікірге қозғау салған отандастар мәселесін қолдан саясаттандыруға болмайды. Шетелдегі қандастарымызды («оралман» деген сөзге мен қарсымын) Атамекенге қайтару ісі ешқашан назардан тыс қалған емес, қалмайды да. Әлемнің түкпір-түкпіріндегі қандастарымыздың басын туған жерде біріктіру – біздің парызымыз.

Елбасы әлеуметтік әділетті мемлекет құру бағытында орасан зор жұмыс атқарды. Биылғы Жастар жылының ашылуы және Nur Otan партиясының XVIII съезінде берген бес әлеуметтік бастамасы мен тапсырмалары кезенді жүзеге асырылатын болады. Мен бюджет саласының төмен жалақы алатын қызметкерлерінің еңбекқандылығын бір ай бұрын – 1 маусымнан бастап өсіруді тапсырдым. Аталған шара миллионнан астам қызметкердің өміріне оң ықпал ететін болады.

Азаматтарды бірінші кезекте не толғандырды? Өрине, баспана мәселесі. Осыған байланысты әлеуметтік жағдайы төмен азаматтар үшін 40 мыңнан астам жалдамалы пәтер бөлу қарастырылып отыр. Әкімдер бұл іске билығы мамырдан бастап кіресің. Біз алдымен әр қазақстандықтың тұрмыс сапасын жақсартуға ойлаймыз. Сондықтан халықтың өмір сүру сапасына тікелей әсер ететін инфрақұрылымдық сипаттағы мәселелерге назар аудару қажет.

Бұл – тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы, яғни жылумен және сумен қамтамасыз ету, қарз жүйесі, сондай-ақ жолдар, газдандыру мәселелері, экология және қауіпсіздік түйткілері. «Құтты мекен» және «Ауыл – ел бесігі» жобалары осы міндеттерді орындауға бағытталған. Бұл жобаларды жүзеге асыру үшін алдағы үш жылға триллионнан астам теңге қарастырылып отыр.

Алайда, Үкімет пен әкімдер бюджет қаржысы түпсіз құдық еместігін ұғынуы тиіс. Болінген қаржы нақты экономикаға жедел жетіп қамтамасыз ету қажет. Осы орайда, аталған жобаларға отандық өндірушілердің барынша мол тартылуын бақылауға алуға тапсырдым. Бұл әлеуметтік мәселелерді шешумен қатар өңірлердің экономикасын ынталандыруға мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, өңірлер мемлекеттің әлеуметтік саясатын жүзеге асыруға белсенді атсалысуы қажет. Бүгінде әкімдердің әлеуметтік көмектің оннан астам түрін көрсетеді. Олардың ішінде жәрдемақы төлеу, баспанамен қамтамасыз ету, жол жүру жөнділдіктері, тегін тамақ беру және басқалары бар. Алайда, тұтастай алғанда, өңірлерде әлеуметтік қолдау шараларына 5,3 пайызға жуық қаржы бөлінеді. Әлеуметтік төлемдердің айтарлықтай бөлігі республикалық деңгейде жүзеге асырылады. Қолданыстағы бюджет теңдестірілмеген және қайта форматтауды талап етеді. Бюджеттің толығы көздеріне жан-жақты сараптама жүргізілмейді. Екіншіден, бюджеттің «өңдірісіз шығындары» бар. Көптеген қажетсіз, жөнісіз шығынға жол беріледі.

Сонымен қатар халықтың нақты табыс табуына қатысты мәселелерді тек бюджеттік шығындар есебінен шешу мүмкін емес екенін де түпкілікті түсінгеніміз жөн. Біз бюджетке қатысты көзқарасымызды түбегейлі өзгертуге тиіспіз. Мысалы, жергілікті әкімдер көлікті, жинауды аса қымбатқа сатып алады. Оған қоса жергілікті атқару органдары түрлі имидждік іс-шараларды өткізуге құмар. Осындай шығындарды тоқтатып, жергілікті бюджет қаржысын әлеуметтік іс-шараларға жұмсау керек. Жалпы, ысырапшылыққа тосқауыл қою қажет, сондай-ақ бюджеттің жымқырылуын мүлдем жою керек.

Масыалды пилгала да жол бермеуіміз керек. Азаматтарымыз үшін ең ұтымды әлеуметтік қорғау – бұл өз бизнесін жүргізуге мүмкіндігін болуы немесе білікті еңбегі үшін лайықты еңбәкқы алуы.

**Нұрғәлі Жүсіп: Жастар жылына байланысты Үкімет жас отбасыларды қолдау жөнінде бірнеше шара дайындап отыр. Өзіңіз бытыр твнттер арқылы атағы қаптаған форумдар, имидждік жобаларды ұйымдастыруға жол бермейсіз деп пікір білдірдіңіз. Жалпы, жастарды қолдау қай тұрғыда жүргені қалайсыз?**

– Тұңғыш Президент – Елбасы 2019 жылды Жастар жылы деп жариялады. Жастар туралы пікірлімі жоғарыда да айттым, жас ұрпақты қолдап, қорғау – болашақты қорғау.

Биыл Жастар – ел тірегі арнаулы әлеуметтік жобасы іске қосылды. Заңнамаға өзгерістер енгізу, бюджеттен қаражат бөлу, инфрақұрылымды дамыту биыл – Жастар жылында шешілуі керек.

Жастар жылы барысында жұмыспен қамту, баспанамен қамту, білім беру, өмірге бейімдеу, жастар кәсіпкерлігін дамыту, жас ғалымдарды қолдау шаралары жалғаса береді.

Елбасының пәрменімен дүниеге келген «Болашақ» бағдарламасы ширек ғасыр уақытта ел жастарына әлемнің үздік оқу орындарының есігін ашып берді. Мемлекет оқимын, токимын деп талпынған жас азаматтар үшін барлық жағдайды жасап отыр.

Осы сұхбатты пайдаланған, орта білім беру саласында үштілділік бағдарламасын жүзеге асырудың да маңызы зор екенін айтқым келеді. Ең алдымен, қазақ тілін және орыс тілін оқыту

жүзеге асырылуы тиіс. Біздің балаларымыз үшін мұның мәні зор. Содан кейін ағылшын тілін үйретуге болады. Осылайша, біз болашаққа ашық көзбен қарайтын жана ұрпақты тәрбиелейміз.

Жастар саясатында, жастар тәрбиесінде науқанышылдыққа, тиімділігі төмен шараларды ұйымдастыруға жол бермеу керек. Сондықтан кез келген шараны ғылыми негізге сүйеніп, жүзбелі түрде жүзеге асырғанымыз жөн. Жастардың алға қойған мақсат-мүдделерін білу үшін науқанышылдық емес, нақты зерттеулер қажет. Жүйелі әрі кешенді әлеуметтік зерттеу жүргізу арқылы жастардың мұң-мұқтажын, мақсат-мүдделерін анықтап, жастар саясатын сол қажеттіліктерге жауап беретін деңгейде ұйымдастыру маңызды. Біз жастарға білім беруді алдыңғы қатарға қоямыз. Тек білім ғана емес, аударып-түркі рухта тәрбиелеу ісін де басты назарда ұстау керек.

**Дархан Қыдырәлі: Президент ауысқанда Үкіметтің де өзгеру ықтималдығы жоғары. Қазіргі Үкімет осы құрамда қала ма, әлде қандай да бір кадрлық өзгерістер бола ма? Жалпы, маман таңдауға қандай қағидат ұстанасыз?**

– Президент ауысқанда Үкіметтің қоса ауысуы міндетті емес. Үкімет жақында ғана жасақталғаны белгілі. Қазір көптеген қауыр жұмыстар бар. Министрлерге нақты тапсырмалар берілді. Съезд тапсырмаларын орындау, көктемгі тасқын қауіпін алдын алу, егіс науқаны сияқты маңызды маусымдық міндеттер тұр. Сондықтан қазір кезде Үкіметті ауыстырудың қажеттілігін көріп тұрған жоқпын. Ал жекелеген Үкімет мүшелерінің қызметі олардың атқарған нақты жұмыстарына қарай бағаланатын болады.

**Дархан Қыдырәлі: Ел өзінің жана басысын тек газет, теледидар, сайт арқылы ғана емес, тікелей көресек, білесек, сұрақ қойсақ дейді. Осы орайда облыстарға, өңірлерге қаншалықты жиі шығасыз және алда қай аймақтарға баруды жоспарлап отырсыз?**

– Мен ешқашан бұқарадан алыс болған емеспін. Өздеріңізге мәлім, біраз жылдан бері твнттер желісі арқылы өз ойларымызды бөлісіп келемін. Сенат Төрағасы қызметін атқарған кезімде де ел ішіне шығатынмын. Сондықтан өңірлерге шығып, елдің тыныс-тіршілігімен танысу жоспарда тұр.

**Нұрғәлі Жүсіп: Тұңғыш Президентіміздің «Алдымен – экономика, сосын – саясат» деген ұстанымы өзгермейді дейсіз ғой?**

– Дәл солай. Нұрсұлтан Назарбаев – әлемдік тарихқа аса көрнекті реформатор ретінде енді. Әлемдегі бәсекелестікке қабілетті 50 елдің қатарына қосылуымыз – Елбасының жүргізген сарабал саясатының жемісі. Сондықтан шетелдік сарапшылар бұл реформаларды «Қазақстан жолы» немесе «Дамудың қазақстандық үлгісі» деп атайды. Қазір біздің еліміз – Орталық Азия өңіріндегі бірден-бір жетекші мемлекет. Даму жағынан посткеңестік елдер арасында алғашқылардың қатарындамыз.

Ұдайы экономикалық өсім болмаса, осы дәрежеге жетіміз екіталай еді. Инвестиция, экспорт және индустрияландыру – экономикалық өсімді қамтамасыз етіп, оны әртарапандыруға қол жеткізудің шешуші факторлары. Қазіргі заманғы қарқын өте жылдам. Мемлекет пен бизнестің, сондай-ақ орталық пен өңірлердің жұмыстарын үйлесімді түрде жүргізуіміз керек. Бүгінде Қазақстан шетел инвестициясын тарту үшін қолайлы ахуал орнықтырды. Инвестиция өз-өзінен келе салмайды. Біз, бірінші кезекте, әлеуетті инвесторларға жағдай жасауымыз қажет. Әсіресе, шетел инвесторларына жер телімдерін бөлу, олардың инженерлік және электр желілеріне қосылуы, түрлі рұқсаттар алуына қатысты айтарлықтай тосқауылдар бар. Мәселені жедел шешудің орнына бюрократияға жол беріліп отыр. Соның салдарынан бірқатар облыста әкімшілік кедергілер мен жандандыру шектеулері ескерілгендіктен арттыруға мүмкіндік бермей отыр. Сол себептен әлеуетті инвестордың салы суға кетіп, ол басқа елді таңдауға мәжбүр болады. Бұл жағдай тек шетелдік қана емес, отандық инвесторларға да қатысты. Үкіметке және әкімдерге осы проблеманы жедел шешу мәселесін қарастыру жөнінде тапсырма бердім. Инвестиция салуға кедергі келтіретін кез келген тиісті лауазымды тұлғаның жеке жауапкершілігі

қаралуы қажет. Биыл Тікелей инвестициялар қоры құрылды. Елбасының шешімімен Ұлттық қордан 370 миллиард теңге көлемінде қаржы бөлінді. Қор өз жұмысын тиімді жүргізетін болса, осы жылдың ішінде айтарлықтай нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік бар. Елімізге тартылған инвестициялар мен шикізаттық экспорттың көлемі министрлер мен әкімдердің қызметін бағалау ісінде шешуші көрсеткіш болады.

**Нұрғәлі Жүсіп: Қазақстан тәуелсіздігін алғашы бері әлемдік деңгейде көпекторлық саясат жүргізді. Өзіңіз екі рет Сыртқы істер министрі ретінде осы саясатты жүзеге асырдыңыз. Бүгінгі халықаралық аренадағы ахуал күрделі. Алдағы уақытта еліміздің сыртқы саясатында қандай бағыт ұстанбақсыз?**

– Көпекторлық саясат – Қазақстанның географиялық орналасуынан, геоэкономикасынан туындайды. Бұл – ұзақ мерзімді стратегиялық бағыт. Тәуелсіздік алғаннан бастап Елбасы осы жолды ұстанды. Бұл стратегияның нәтижесінде біз мемлекетаралық қатынастардан, аймақтық текіретерден алыс болдық. Әлем бізді бітімгер мемлекет ретінде таныды. Бітімгерлік миссиясы бүгінде еліміздің сыртқы саясатының басымдығына айналды. Қазақстанды Азиядағы бейбітшілік платформасы деп айтуға толық негіз бар.

Қазақстан өзінің сыртқы саясатында Ресей, Қытай, Еуропа, АҚШ, Орталық Азия, Ислам әлемі елдерімен ынтымақтастыққа баса мән береді. Оған қоса, Қазақстан тәуелсіздік жылдарында біршама интеграциялық үдерістерге бастамашы болды. Бұл бағытта дестүр сабақтастығы сақталды, саясатымыз өзгермейді. Көпекторлық стратегия алдағы уақытта да Қазақстан дипломатиясының басым бағыты болып қала береді.

**Дархан Қыдырәлі: Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас хатшысы болған Пан Ги Мун кезінде Сіз туралы «Бұл қызметте ұзақ отырмай, еліңізге аса жауапты қызметке оралатыныңыз белгісі» деп жазған екен. Әлемдік деңгейдегі саясаткердің бұл болжамын көріңіз депте бола ма?**

– БҰҰ-ның Женевадағы кеңесін басқару – менің дипломатиялық жұмыс тәжірибемдегі елеулі сәттердің бірі. Бұл – әлемдік проблемалар көтерілетін әрі шешімін табатын БҰҰ маңызы өкілді. Өрине, сол кездегі Бас хатшы Пан Ги Мунмен бірге жұмыс істеп, онмен тұрақты байланыста болу құрметіне не болдым. Ол кісінің бұл сөзі тек маған ғана емес, бүкіл Қазақстан дипломатиясына берілген жоғары баға деп есептеймін. Себебі бұл саладағы мамандарымыздың бәрі – әлемдік деңгейдегі кәсіби дипломаттар. Бытыр еліміздің БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесіне сайлануы және әлемнің жүзден аса елдерімен бейбіт байланыс орнатуы осының айқын дәлелі.

**Дархан Қыдырәлі: Сіз қашанда қазақ руханияты мен ұлт мәдениетіне жааншылық танытып жүресіз. Қоғамда жас қазақ тілін дамытуға ерекше мән беріп келесіз. Елбасы 2020 жылға қарай елдегі барлық мектеп оқушыларының 90 пайызы мемлекеттік тілді меңгеруі деп айтқан еді. Жалпы, мемлекеттік тілді дамыту үшін қандай шаралар атқаруы керек деп ойлайсыз? Қазақ тілінің дамуына қолыңіз тола ма?**

– Қазақтың тілі – қазақтың жаны! Халқымыздың тарихы да, тағдыры да – тілінде. Мәдениет пен әдебиеті де, ділі мен діні де – тілінде. В.Радлов айтқандай, қазақ тілі – ең таза әрі бай тілдің бірі.

Тіл – өткен тарихпен ғана емес, бүгін мен болашақты байланыстыратын құрал. Мәңіше, тілдің тұңғыры да, тағдыры да бесіктен, отбасынан басталады. Отбасында ана тілінде сөйлеп өскен бүлдіршінің тілі деген ықпалы терең, құрметті биік болады. Осы тұрғыда, балабақшаларда, мектептерде мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруді назарда ұстау қажет.

Біз мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру бағытындағы жұмыстарды үздіксіз жалғастыра береміз.

**Нұрғәлі Жүсіп: Латын графикасына көшу жөнінде бірқатар шаралар атқарылды, емле-ерже қабылданды. Ендігі қадам қалай болмақ?**

– Кез келген ұлттың әліпбиі таңдауы тек жаңы үлгісімен таңдау емес. Бүгінде Қазақстан халқы да замана көшінен қалмай, латын графикасына негізделген әліпбиі таңдауға бел буып отыр.

Көрші мемлекеттердің көпшілігі латын графикасын таңдады. Әлемдегі ақпараттардың 90 пайызы латын графикасында жарық көреді. Ал ақпаратқа кім иелік етсе, ғалам мен технология да сол ие болады. Қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуі – рухани жаңғырудың ең шешуші кезеңдерінің бірі. Бұл қоғамдық ой мен санаға түпкілікті өзгеріс жасайтын қадам. Осыған орай, Елбасының латын әліпбиіне көшу туралы жарлығы шықты. Елімізде қазақ тілінің латын графикасына негізделген әліпбиі пайдалана бастаған құрылымдар бар

# ЖАСТАР ЖЫЛЫ – ЖАҢАШЫЛДЫҚ БАСТАУЫ



Алаңда келушілер үшін жайлы жағдай жасалған. Іргелес аумақ қоршаулы, қошеттер егілген, орныдықтар қойылған. Бұл аумақта алдағы уақытта мемлекеттік қызметкерлер мен құқық қорғау органдары өкілдерінің ант қабылдау, әскерге шақырылушыларды шығарып салу сияқты патриоттық шараларды, ресми мерекелік жиындарды жиі өткізу көзделіп отыр.

Осы күні пайдалануға берілген Рухани жаңғыру аллеясы да көрген жұрттың көзі сүйсінетін көркей орнына айналды. Мұнда биіктігі 11 метр болатын «Мәңгілік Ел», «Қазақ хандығы» монументтері орналасқан. Сонымен қатар, бұрынғы дәуір мен тәуелсіздік жылдарында қабылданған тарихи шешімдер кезеңі тізбектелген. Іргелес аумақ абаттандырылып, қоғалдандырылды. Өткен жылдың қазан айынан бері жалғасқан нысан құрылысы үшін аудандық бюджеттен 14 млн теңге жұмсалды.

Жұмыс сапары кезінде облыс әкімі өткен жылдың соңында іске қосылған күршіс ақтау зауытының тыныс-тіршілігімен танысты. Зауытты кәсіпкер Бағлан Әшірбеков жеке қаражат есебінен салып, 10-нан астам адамның еңбекпен қамтылуына мүмкіндік жасады. 4 гектар аумақты алып жатқан қоспаныңда бүгінгі күні тәулігіне 86 тонна Сыр салысы қайта өңделіп, 28 тонна

күршіс жармасы шығарылууда. Жастар ісі жөніндегі облыстық кеңестің Жастар жылы аясында алғашқы көшпелі отырысы Ыбырай Жақаев атындағы ауылда ұйымдастырылды. Оның өзіндік мәні бар.

– Туған жер төсіне қайып кеткеннен ерлікке тән еңбек дастанын жазып қалдырған ақ күршіс атасы, әлемдік рекордтың иесі Ыбырай Жақаевтың жетістігін, егемен еліміздің тарихи тұлғаларының өмір жолын, еңбек адамын кейінгі ұрпаққа насихаттау, жастарымызды еңбекке баулу – басты мақсатымыз, – деді аймақ басшысы.

Шара басталмас бұрын аймақ басшысы шиелік жастардың жетістіктері мен жобаларына арналған көрмемен танысты. Мысалы, көрмеде Жақаев ауылының тұрғыны Майя Сыдық көпшілік назарына қолөнер бұйымдарын ұсынды. Жас шебер былтыр «Бастау-Бизнес» жобасы аясында арнайы курста оқып, кәсіп бастау үшін мемлекеттік грант жөнін алған. Сөйтіп, қыркүйек айында іске кірісіп, 2 адамды жұмыспен қамтыды. Бүгінде бос уақытында оқушыларды қолөнерге баулып жүр.

Сонымен қатар, облыс әкімі 10 жас маманға шаруа қожалықтарына жұмысқа орналасуға жолдама, әлеуметтік аз қамтылған отбасылардан шыққан немесе арнайы есепте тұратын жастарға «Жақаевшылар» еңбек лагеріне жолдамалар табыс етті.

Көшпелі жиында өңір бас-

шысы облыстық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-дегі кадрлық өзгеріске тоқталды. Бұған дейін орталыққа жетекшілік етіп келген Жасұлан Алдабергенов басқа қызметке ауысуына байланысты лауазымынан босатылды. Оның орнына жастар саясаты саласындағы тәжірибелі маман Абылайхан Сабанбаев тағайындалды. Облыс әкімі Жасұлан Алдабергеновке атқарған еңбегі үшін алғыс білдіріп, орталыққа алдағы жұмысына сәттілік тіледі.

Аймақ басшысы атап өткендей, мемлекеттік жастар саясатын жетілдіру, оның басымы бағыттары мен міндеттерін іске асыру, өзекті мәселелерді шешу жолдарын қарастыруда кенестің орны ерекше. Сондықтан мұндай алқақ жиындар көшпелі негізде тұрақты түрде өткізілімек. Алдағы уақытта облыстық кеңес отырыстары Сырдария, Арал аудандарында, қорытынды жиын Қызылорда қаласында ұйымдастырылады.

Данғайыр дикан ауылғандағы басқосуға Жастар жылы аясында кешенді іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру, жастар мен жасөспірімдер қылымсыздығын алдын алу, Шиели және Жанакорған аудандарында мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру мәселелері талқыланды. Мемлекеттік жастар саясатын дамытудың 2021 жылға дейінгі өңірлік «Жол картасының» орындалуы, NEET санатындағы жастармен жұмыс жөнінде облыстық жастар саясаты мәселелері бас-

қармасының басшысы Қуаныш Жанұзақов хабарлама жасады.

– Жастар жылы аясында бірқатар маңызды шара ұйымдастырылады. Атап айтқанда, мүмкіндігі шектеулі жастардың қолөнер бұйымдарын сату және көрмесін өткізуге арналған орталықтар ашу, «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы бойынша кәсіп ашуға мемлекеттік гранттар бөлу, волонтерлік топтар ашу жоспарда бар, – деді ол.

Сондай-ақ, жиында жастар мен жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқық-бұзушылықтың алдын алу шаралары туралы сөз болды. Бұл ретте облыс әкімі қылмыстың алдын алу, баланың теріс жолға түспеуі ата-ана, мектеп және құқық қорғау органдарының бірлескен әрекетіне байланысты екенін айтты.

Аймақ басшысы қорытынды сөзінде жауапты мекемелерге жастарға қолдау көрсету бойынша нақты шаралар қабылдауды тапсырды. – Жастарға қатысты шараларды флэшмобтар мен мағнасыз дүниелер шеруіне айналдырмау керектігін үнемі айтып келеміз. Қазіргі күні жастар материалдық құндылықтарға көбірек мән беріп отыр. Ең бастысы, жастардың назарын рухани құндылықтарға, жаңашылдыққа, тың өзгерістер енгізуге, елдің әлеуетін арттыруға үлес қосып отыруға аударуымыз керек, – деді облыс әкімі.

## ТАҒАЙЫНДАҰ

### КАДРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР ОРЫН АЛДЫ

Сейсенбіде облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен мәжіліс өтіп, онда аймақ басшысы орын алған кадрлық өзгерістерге тоқталды.

Айнұр БАТТАЛОВА.

Өздеріңізге белгілі, соңғы кездері жағымды үрдіске айналған жағдайды мақтаншып айта аламыз. Ол – облыстан тәлім алған білікті мамандардың республиканың түкпір-түкпірінде қызмет атқарып жүргені. Бүгін сондай үрдістің жағасы ретінде бұған дейін облыс әкімінің орынбасарлары қызметін атқарып келген Серік Қожаниязов пен Серік Сүлейменовті жаңа қызметке шығарып салғалы тұрмыз. Серік Қожаниязов Президент әкімшілігінің мемлекеттік бақылау және аумақтық-ұйымдастыру жұмысы бөлімінің мемлекеттік инспекторы, ал, Серік Сүлейменов Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің төрағасы қызметіне тағайындалды. Серік Жүсіпұлы өңірімізде 2015 жылдан бастап еңбек етіп келді. Оның бастамасымен бірқатар келеі мәселелер өз шешімін тапты. Серік Салауатұлы да аймақ дамуына еңбек сіңірген азамат. «Байқоңыр» кешені жөніндегі Қазақстан-Ресей Үкіметаралық комиссияның жұмысын тиімді үйлестіріп,

нәтижесінде бірқатар мәселелерді шешуге белсенді атсалысты. Сондықтан екі азаматқа алғысымды білдіремін және болашақ жұмыстарына табыс тілеймін, – деген аймақ басшысы оларға облыстың Құрмет грамотасын табыстады. Өз кезегінде Серік Сүлейменов пен Серік Қожаниязов облыс әкіміне, әріптестеріне алғыс айтып, жылы лебіздерін білдірді. Сондай-ақ, мәжілісте жаңа орынбасарлар да таныстырылды. Белгілі болғандай, облыс әкімінің өкімімен ҚР Президенті Әкімшілігінің келісімі бойынша Мұрат Имандосов және Бақытжан Намаев Қызылорда облысы әкімінің орынбасарлары қызметтеріне тағайындалды. Аймақ басшысы оларға сәттілік тіледі.

### БАҚЫТЖАН БІЛӘЛҰЛЫ НАМАЕВ ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНДІ ДАМУЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫ ҚЫЗМЕТІНЕ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Облыс әкімінің өкімімен Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімі бойынша Намаев Бақытжан Біләулы облыс әкімінің агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мәселелері жөніндегі орынбасары болып тағайындалды. Б.Намаев 1964 жылы туған. С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін «Саяси экономика» мамандығы бойынша, Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетін «Мұнай-газ құбырлары мен қоймаларды жобалау, салу және пайдалану» мамандығы бойынша бітірген. Сондай-ақ, М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік



университетінің аспирантурасын тәмамдаған. Экономика ғылымдарының кандидаты.

Еңбек жолын 1985 жылы Өскемен құрылыс-жол институтының Алматы филиалы жалпытехникалық факультетінің ассистенті болып бастаған. Әр жылдары жеке сектор мен «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының лауазымдарында болған және «Батум мұнай терминалы» компаниясының бас директоры қызметін атқарған.

2018 жылдың наурыз айынан бастап осы кезге дейін Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы қызметін атқарып келді.

### МҰРАТ ИМАНДОСОВ ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ӨНДІРІС, ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЯСАТ, КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ ТУРИЗМ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫ ҚЫЗМЕТІНЕ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Облыс әкімінің өкімімен Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімі бойынша Имандосов Мұрат Самұратұлы Қызылорда облысы әкімінің өндіріс, инвестициялық саясат, кәсіпкерлік және туризм мәселелері жөніндегі орынбасары болып тағайындалды. М.Имандосов 1972 жылы туған. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін «Экономист» мамандығы бойынша, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін «Заңгер» мамандығы бойынша бітірген. Экономика ғылымдарының кандидаты.



болды. 2003-2008 жылдары Шиели ауданы бойынша Салық комитетінің төрағасы, Қызылорда облысы бойынша Салық комитеті төрағасының орынбасары, ҚР Индустрия және сауда министрлігі Бәсе-

келестікті қорғау комитетінің монополияға қарсы басқармасының басшысы болған.

2008-2011 жылдары ҚР Бәсекелестікті қорғау агенттігінің Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстары бойынша өңіраралық инспекциясының басшысы, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстары бойынша өңіраралық инспекциясының басшысы лауазымын атқарды.

2011-2016 жылдары – Қазалы және Қармақшы аудандарының әкімі, облыстың индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы.

2016 жылдың сәуір айынан бастап Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Мемлекеттік бақылау және аумақтық-ұйымдастыру жұмысы бөлімінің мемлекеттік инспекторы қызметін атқарып келді.

1-бет.

Table with columns: Joba, 2019 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытудың, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау туралы. Includes detailed financial data and sub-subsidy breakdowns.

### ҚЫЗМЕТІНЕ АЛҒЫС БІЛДІРДІ

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың қатысуымен облыстық актив жиыны өтті. Жиында аймақ басшысы басқа лауазымға ауысуына байланысты облыстық цифрлық технологиялар басқармасының басшысы Индира Ақжігітова қызметінен босатылғаны хабарлап, оның еңбек жолына тоқталып өтті.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

И.Ақжігітова еңбек жолын 1995 жылы Қызылорда политехникалық институтының физика және электротехника кафедрасының ассистенті ретінде бастап, 1997-2007 жылдары Қызылорда облыстық дарынды балалар мектеп-интернаты директорының орынбасары, облыстық білім берудің жаңа технологиялары орталығының директоры, экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының программисті қызметінде жалғастырды. Ал 2007-2019 жылдары облыс әкімі аппаратының электронды әкімдікті дамыту және мемлекеттік қызметтердің мониторингі бөлімінің басшысы, аппарат басшысының орынбасары қызметін атқарды. Жыл басынан облыстық цифрлық технологиялар басқармасының басшысы қызметін атқарып келді.



– Индира Сансызбайқызы, заман талабына сай ақпараттық-инновациялық идеяларды

жүзеге асыруға және көрсетілетін мемлекеттік қызметтер сапасының едәуір артуына үлкен үлес қосты. Кезінде облыс әкімінің ахуалдық орталығының инженерлік-ақпараттық талдау жүйелерін жасақтаудың техникалық құжаттамаларын әзірлеуден бастап оның толық пайдалануға берілуіне жеке жауапты болды. Нәтижесінде қолданысқа енгізілген жоба республика бойынша тұңғыш өңірлік ахуалдық орталық ретінде танылды, – деген аймақ басшысы орталық 2015 жылы Амстердам қаласында өткен халықаралық аудиовизуалдық инновациялар байқауында гран при иегері атанғанын еске салып өтті.

Активте облыс басшысы аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан ерекше үлесі үшін И.Ақжігітоваға облыстық Құрмет грамотасын табыс етті.

Марапат иесі өз кезегінде көрсетіліп жатқан құрмет үшін алғыс айтып, қызмет барысында өзіне арқашан қолдау жасап, сенім білдірген үшін облыс басшысына, барша әріптестеріне шынайы ризашылығын жеткізді.

BILGENIM – BIR TOĞYZ...

# СӘУІР МӘНІН АҚ ПІАҚЫ



Дүйсенбек АЙШУЛЫ.

Сәуір – жазғытұрым мезгілі. «Сәуір» сөзі араб тілінен енген, мағынасы «өгіз» деген екен. Ал, жылдыз айлары бойынша «Торпақ шоқ-жұлдызының» атауы болып табылады. Бізге осы «өгіз» сөзінің керісі жоқ секілді. Қазақ бұл айды «көкек» деп атаған. Бұлай аталу себебі көктемнің бір белгісі көкек құсының алғаш шақыра бастайтын мезгілімен байланысты. Бұл айдың өзгешелігі – құс үнінің ерекше байқалуы. Кейіндеу біреулер көкек жеңілтек құс, өз атын өзі шақырады, сондықтан осы сөз жағымсыз мәнде айтылады деп ай атауын арабтан енген «сәуірмен» ауыстырған. Шоқан Уәлихановтың пайымдауы бойынша, көкек жағымсыз құс емес, керісінше,

киелі құс. Бес биенің сабасындай бәйбішелер май мол болады деп, көкек қонған бұтақты алып, сүт құйған сабаға салып қоятын болған.

Менің жаным да «көкек» сөзі жақын. Өткен жылы газетке «Көккүт көзін ашты, көкек қанатын жазды» деген мақала да жазып едім.

Жарайды, бүгін бұл мәселені талқылайын деп отырған жоқпыз.

Сәуір айында «бесқонак», «қызыр қамшысы», «тобылғы жарған», «отамалы» деген төрт амал кіреді. Жауын-шашынды, желді, кейде боранды осы амалдар өтпей, жайма шуақты күндер басталмайды. Демек, бұл амалдар кәрі қыстың «сұяқ серпуі» секілді. Қазақтың «сәуір болмай, тәуір болмайды», «сәуір болмай, сайран болмас, сайран болмай, айран болмас», «сәуір болса күн күркірер, күн күркіресе көк дүркірер», «сәуір жақсылығына бақса алты күн, жақсылығына бақпаса алпыс күн» деген сөздері осы себепті айтылған.

Өзімізге жақын мысалдық алайық. Сәуір айының 15-ші күні келмей, қаладағы көкпатақты үйлер жылудан

ажыратылмайды. Демек, жаз шықты дегенге әлі сенім жоқ.

Мұнан ұғатынымыз, сәуір айы – табиғатқа ерекше серпін, өзгеше өзгеріс әкелетін ай. Дінімізде сәуір жаңбырының адам ағзасына берер шипасының мол екендігі жөнінде де айтылған.

Жыланның уы, балықтың інжуі, тіпті бал арасының балы да осы жаңбыр суынан пайда болады дейді. Ең таза судың сәуір жаңбыры екені өмір тәжірибесімен дәлелденген.

«Бұл суды ішкен кісінің барлық ауруларына пайдасы бар. Сәуір жаңбырын алу тәсілі: ыдыс биік жерге қойылады, жаңбыр тіке ыдысқа түсуі керек. Жылдан аққан су жарамайды. Алғашқы жаңбырды емес, екінші немесе үшінші жауған жаңбырды алған жөн. Ауадағы ластық тазаланған болуы керек. Соның суды алғасын сүзіп алып, қолданады» деп тұжырымдайды ғалымдар.

Пайғамбарымыздың бір хадисінде былай делінген: «Мені хак Пайғамбар қылып жіберген Алла Тағалаға ант етейін, баласы болмаған ер осы судан әйеліне ішкізсе, Алланың рұқсатымен әйелі



жүкті болады. Басы ауырған әйеліне ері осы судан ішкізсе, осы су (оның жазылуы үшін) жеткілікті. Ішкен кісінің қатты түкірігін кетіреді. Жел оған зиян бермейді. Жаман жағдайлар оған жоламайды. Бел ауруынан, қарын ауруынан еш арызы қалмайды. Алланың ауруынан қорықпайды, көкірек ауруына душар болмайды, жүрегіне келген уәсәсә шығып кетеді. Менмендік, қызғаншақтық, тәкәппарлық, дұшпандық, ғайбат, сөз тасушылық

(сияқты рухани аурулардың барлығы) дүниедегі барлық өткініші болғандар үшін Алла Тағаланың рұқсатымен пайдаланып жүріңіз дегенді білдіреді. Қазір әлеметтік желіден жүйрік ештеме жоқ. Біз мысалдап отырған деректер де сол желілердің бетінде жүр. Дегенмен, бірауыз үшін пайдалы осы деректерге газет бетінен орын беруді де артық санамадық.

Ал, сәуіріміздің ақ таны құтты болсын, ағайын.

## ЖАС ДӘРІГЕРЛЕРДІҢ ӨҢІРЛІК ФОРУМЫ

Қызылордада «Мәңгілік ел – салауатты ұрпақ» атты денсаулық сақтау саласы жастарының оңтүстік өңірлік форумы өтті.

Айнұр БАТТАЛОВА.

Медицина саласында еңбек ететін жастарды қолдау, тәжірибе алмасу, идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік жасау мақсатындағы форумға Алматы, Жамбыл, Түркістан және Қызылорда облыстарынан 150-ге жуық делегат қатысты.

Облыс орталығындағы «Жан-Арай» мәдени ойын-сауық кешені базасында өткен шара екі күнге созылды. Қатысушылар шараның алғашқы күні денсаулық сақтау саласының жанаушы қырлары, оның ішінде әлеуметтік медицина, тұрғындарға көрсетілетін әлеуметтік-патронаждық көмек, заманауи технологиялар арқылы тиімді де сапалы емдеу тәсілдері, жас мамандардың өңіраралық және шетелдік тәжірибе алмасу тетіктері туралы ой-пікірлерін, сұрақтарын ортаға салуға арналған мотивациялық сессияда бас қосты. Онда форумның бас демеушісі «Senip» денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің сапалы кәсіподақ ұйымы республикалық қоғамдық бір-

лестігінің төрағасы Сапарбек Дүйсенов, облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ақмарал Әлнарарова және басқа да кәсіподақ ұйымы жетекшілері қатысты. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы өңір медицинасының аяқ алысына тоқталып, атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде айтып берді.

– Жыл сайын салаға бөлінетін қаржы көлемі еселеп артып келеді. Денсаулық сақтау ұйымдарының материалдық-техникалық базасын заман талабына сай жақсарту үшін қыруар қаржы бөлініп, сағып алынуда. 2016 жылдан бері облыс әкімінің гранты негізінде өңірге қажетті мамандарды резидентурала оқытуға грант қаралып, мамандар даярлана бастады. Сонымен қатар, жас мамандарымыз Оңтүстік Корея, Түркия, Ресейдің ең ірі клиникаларында курстардан өтіп, біліктіліктерін арттыруға мүмкіндік алып отыр. Облыс халқының 60 проценті ауылдық жерлерде тұратындықтан жас



мамандарды елді мекендерге жұмысқа тарту бағытында ауылдық шаралар жасауда, – деді басқарма басшысы.

«Senip» денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің сапалы кәсіподағы республикалық қоғамдық бірлестігі төрағасы Сапарбек Дүйсенов кәсіподақтан ауылдық жерлерде жұмыс істеуге ниетті жас мамандарды қолдау үшін 36 млн теңге қаржы қаралғанын, оған бөлек тұрғын үй сертификаттарына 110 млн теңге бөлу туралы шешім қабылданғанын айтты. Яғни, кәсіподақ «7-20-25» мемлекеттік бағдарламасына қатысушы мамандарды жас

дәрігерлер мен медбикелердің алғашқы журналдарын өтеуіне көмектеспеші.

Форум барысында сонымен бірге еңбек заңдылықтары, маман жетіспеушілігі секілді бірқатар мәселелер көтерілді.

Форумның екінші күні өткен шараларға облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов қатысып, онда секциялар жұмысына кезек берілді. Сондай-ақ, ашық пікір алаңында облыстық онкология орталығы химиотерапия бөлімінің меңгерушісі Виктория Юннің, Жамбыл облысы Талас аудандық орталық ауруханасының аку-

шер-гинекологы Құралбек Дилдабековтің, Талдықорған медициналық колледжі жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы Дархан Асқанбаевтың және басқалардың баяндамалары тыңдалды. Қатысушылар саланы цифрландыру, инновациялық технологияларды енгізу, сол арқылы диагностика мен емдеудің әсерлі әдістерін қолдану, аппараттық жүйемен қамту секілді тақырыптар ой-пікірлерін ортаға салды.

Сонында бірқатар қатысушылар облыс әкімінің алғыс хатымен, республикалық кәсіподақтар федерациясының «Құрмет грамотасымен» марапатталды. Айта кету керек, салтанатты шарада облысымыздың 4 дәрігері 500 000 ақшайлы сыйақыға ие болды. Олар: Қазалы ауданы «Өркендеу» дәрігерлік амбулаториясының жалпы тәжірибелік дәрігері Жаңағұл Мәлік, Жалағаш ауданы «Аққыр» дәрігерлік амбулаториясының жалпы тәжірибелік дәрігері Мәншүк Бусариева, Байқоңыр қаласындағы медицина орталығының офтальмолог-дәрігері Жанна Полатова және көбейтінді облыстық аурухананың Байқоңыр қалалық филиалы резидент-неврологы Асылхан Каленов.

**Қызылорда қаласы 3.Шүкіров көшесі №98 үй мекен-жайында 5 қабатты 35 пәтерлі 4 тұрғын үй құрылысы салынууда**

Барлық пәтер саны – 140, оның ішінде: 2 бөлмелі – 40, 3 бөлмелі – 100.

Тұрғын үйлерді пайдалануға тапсыру мерзімі – 2019 жылдың мамыр-қыркүйек айлары. Пәтер таза әрлеу жұмыстары бойынша сатылады. Сатып алушының қалауы бойынша Цоколь қабатын өңдеуге және жоспарлауға болады. Бағасы келісім бойынша.

Құрылыс салушының Сату орталығы: Қызылорда қаласы, Проектная көшесі, №7. Телефон: 8 777 408 22 97; 8 777 365 46 56; 8 771 543 27 00.

\*Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі\* АҚ арқылы пәтерлерді сату

және жоспарлауға болады. Бағасы келісім бойынша.

Құрылыс салушының Сату орталығы: Қызылорда қаласы, Проектная көшесі, №7. Телефон: 8 777 408 22 97; 8 777 365 46 56; 8 771 543 27 00.

\*Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі\* АҚ арқылы пәтерлерді сату

**КІТАП ОҚУҒА ШАҚЫРАТЫН БАЙҚАУ**

2 сәуір – халықаралық балалар кітабы күні. 1967 жылдан бастап әлем елдері кішкентай оқырмандардың сүйікті жазушысы Ганс Христиан Андерсеннің туған күніне орай бұл күнді осылай белгілеген. Атаулы күні А.Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйінде қалалық мектеп оқушылары арасында байқау ұйымдастырылды.

Кітап баланың қиялын үшкір, зейінін зерек ететіні белгілі. Жыныда кітапханашы Райқұл Сейдахметова қазіргі оқушылар шытырман оқиғалы шығармаларды ұнататынын айтты. Дамыған елдердегі өнер-тапқыш-генийлердің оқуға кеңес беретін кітаптары ғылыми-фантастикалық бағытта екенін ескерсек, бұл жақсы көрсеткіш.

Сөбі, фантастика оқып өскен бала үшін мүмкін емес дүние жоқ, тіпті қытайлық ғалымдар жана технология ойлап таппаудың тек көшірме жасаудың себебі баланың фантастика оқымауынан екенін дәлелдеген.

Ұлы даланың батырлары мен айтулы тұлғаларына баса мән берілген байқауда І орынды №235 мектеп ала, ІІ және ІІІ орынды №112, №187 мектеп оқушылары иеленді. Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі және қалалық орталықтан берілген кітапханалар жүйесі ұйымдастырған байқауда «ПетроКазакстан Құмкөл Ресориз» АҚ, «Торғай Петролеум» АҚ компаниялары демеушілік жасаған.

**ЖӘРІЕНКЕ ӨТМЕДІ**

Ағымдағы жылдың 6 сәуір күні Кармақшы ауданы әкімінің ұйымдастыруымен облыс орталығының төмендегі шағын аудандарында ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өткізілетіндігін хабарлады. Жәрмеңке өткізу уақыты 09-00-ден 13-00-ге дейін.

Өтетін орны: «Мерей» шағын ауданы («Думан» мейрамханасының маңындағы алаң).

**«АШЫҚ ЕСІК» КҮНІНЕ ШАҚЫРУ!**

Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы 2019 жылғы 5 сәуір сағат: 15.00-де «Ашық есік күніне» шақырады.

Өтетін орны: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы №60 «а»

«Ұлы дала тұлғасы» кезеңінде ұлттың тарихи тұлғалары туралы сахналық қойылым қойып, келесі кезеңде батырлар жырын айтудан жарысты.

Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы 2019 жылғы 5 сәуір сағат: 15.00-де «Ашық есік күніне» шақырады.

Өтетін орны: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы №60 «а»

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жарияландыру газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АК» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі № 12993-Г. 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 29256 Тапсырыс №487